## Қазақстан Республикасының радиожиілік ресурсын (спектрін) пайдалану үшін республикалық бюджетке ақы төлеу ережесін және ставкаларын бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 15 маусым N 825. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.08.21. N 932 қаулысымен. ~P020932

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 24 сәуірдегі Заңының Z952235_ 3-бабына және "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 18 мамырдағы Заңының Z990382_ 6-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған мыналар бекітілсін:

1) Қазақстан Республикасының радиожиілік ресурсын (спектрін) пайдалану үшін республикалық бюджетке ақы төлеу ережесі;

2) Бекітілген және жылжымалы радиоқызметтерге арналған радиожиілік ресурсын (спектрін) пайдалану үшін ақы төлеу ставкалары;

3) Телерадио хабарларын тарату қызметтеріне арналған радиожиілік ресурсын (спектрін) пайдалану үшін ақы төлеу ставкалары.

2. "Қазақстан Республикасының аумағында радиоэлектронды құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалануға қосуға байланысты төлемдерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының радиожиілік ресурсын пайдалану үшін ақы белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 13 қыркүйектегі N 1387 P991387_ қаулысына сәйкес телерадио хабарларын тарату бөлігінде есептелген және осы қаулының қабылдану кезіне төленбеген ақылар сомасы осы қаулымен бекітілген ставкалар және тәртіп бойынша есептелуге және төлеуге жатады деп белгіленсін.

Көрсетілген сомалар 2001 жылғы 1 шілдеге дейін республикалық бюджетке енгізілуі тиіс.

3. "Қазақстан Республикасының аумағында радиоэлектронды құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалануға қосуға байланысты төлемдерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының радиожиілік ресурсын пайдалану үшін ақы белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 13 қыркүйектегі N 1387 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж. N 46, 426-құжат) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы 2001 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 15 маусымдағы
N 825 қаулысымен
бекітілген

## Қазақстан Республикасының радиожиілік ресурсын (спектрін) пайдалану үшін республикалық бюджетке ақы төлеу ережесі

### 1. Негізгі ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының радиожиілік ресурсын (спектрін) ( бұдан әрі - РЖС) пайдалану үшін республикалық бюджетке ақы төлеу тәртібін белгілейді.

2. Заңнамада белгіленген тәртіппен РЖС пайдалану құқығын алған заңды және жеке тұлғалар РЖС пайдалану үшін ақы төлеушілер болып табылады.

3. РЖС пайдалану құқығы байланыс саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) берген рұқсаттармен куәландырылады. Рұқсаттарды беру тәртібі мен олардың нысанын уәкілетті орган белгілейді.

Рұқсаттар міндетті түрде төлеуші пайдаланатын радиобайланыс түрі, РЖС пайдалану аумағы (әкімшілік-аумақтық бірлік) туралы мәліметтерді және РЖС пайдалану үшін төлем ақыны есептеуге қажетті бекітілген және жылжымалы радиоқызметтерге арналған радиожиілік ресурсын (спектрін) пайдалану үшін ақы төлеу ставкаларында және Телерадио хабарларын тарату қызметіне арналған радиожиілік ресурсын (спектрін) пайдалану үшін ақы төлеу ставкаларында ( бұдан әрі - Ставка) көрсетілген басқа да мәліметтерді қамтуы тиіс.

4. РЖС пайдалануға рұқсатты конкурс (аукцион) өткізу жолымен РЖС белдеулерін (номиналдарын) бөлу кезінде алынатын ақы сомасы (оның тиісті бөлігі) республикалық бюджетке енгізілгенін куәландыратын құжаттарды төлеуші ұсынғаннан кейін уәкілетті орган береді. Көрсетілген ақыны енгізу тәртібі мен мерзімін уәкілетті орган конкурстық комиссия ұсынысының негізінде белгілейді. Бұл ақы РЖС пайдалану үшін ақы сомасының есебіне жатпайды.

## 2. Қазақстан Республикасының РЖС-ын пайдалану үшін республикалық бюджетке ақыны есептеу және төлеу тәртібі

5. РЖС пайдалану үшін ақы республикалық бюджетке жыл сайын, төлеушінің аумақтық салық органында есепке тұрған жері бойынша енгізіледі.

6. РЖС пайдалану үшін жылдық ақыны енгізу тоқсан сайын, тең бөлікте, есепті тоқсанының бірінші айының 20-сынан кешіктірмей жүзеге асырылады.

7. РЖС пайдалану үшін ақыны есептеуді төлеушілер РЖС пайдалану құқығын куәландыратын құжаттарда көрсетілген техникалық өлшемдерге сәйкес жылдық ставкалар негізінде, радиобайланыс түріне және РЖС пайдалану аумағына байланысты өздері жүргізеді.

8. Егер РЖС пайдалану кезеңі бір жылға жетпесе, РЖС пайдалану сомасы рұқсат алынған кезден бастап есептеледі және РЖС пайдалану үшін бір жылға есептелген ақы сомасын он екіге бөліп, жыл ішінде РЖС пайдаланған айлар ( оның ішінде толық емес айлар) санына көбейтумен анықталады.

9. РЖС пайдалану үшін ақы қоса алғанда алты айға дейін мерзімге тәжірибелік пайдалану, жарыстар, көрмелер және өзге де осындай іс-шаралар өткізу кезеңінде радиобайланыс түріне және РЖС пайдалану аумағына байланысты оны іс жүзінде пайдалану мерзіміне сәйкес мөлшерде, бірақ РЖС пайдалану үшін ақы жылдық ставкасының кемінде 1/12 мөлшерінде белгіленеді.

10. Ені Ставкаларда көрсетілгеннен өзге дуплексті арна белдеуін пайдаланатын технологияларды қолданған жағдайда, РЖС пайдалану үшін ақы ставкалары төлеуші іс жүзінде қолданылатын дуплексті арна белдеуі енінің Ставкаларда көрсетілген дуплексті арна белдеуінің еніне ара салмағы негізге алына отырып анықталады.

11. Егер, төлеуші әлдебір себептермен РЖС пайдалануға кіріспеген не оны пайдалануды тоқтатқан жағдайда, РЖС пайдалану үшін ақының төлеуші енгізген сомасы қайтаруға немесе қайта есептеуге жатпайды.

12. Есепті жыл үшін бюджетке енгізілуге жататын РЖС пайдалану үшін ақының жылдық сомасы бойынша төлеушілер есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 наурызынан кешіктірмей тіркелген жері бойынша аумақтық салық органдарына Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі бекітетін нысанда есеп ұсынулары тиіс.

## 3. Қазақстан Республикасының РЖС пайдалану үшін ақы төлеу тәртібін бақылау және оның бұзылуы үшін жауаптылық

13. РЖС пайдалану үшін ақы сомасын республикалық бюджетке уақтылы

енгізбеген ретте, төлеуші Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде көзделген жауаптылықты көтереді.

14. Төлеуші РЖС пайдалану үшін ақыны енгізуді осы Ереженің 6-тармағында белгіленген мерзімнен бір айдан артық кешіктірсе, тиісті аумақтық салық органдары бұл туралы уәкілетті органды хабардар етеді, ол алынған мәліметтер негізінде кәсіпкерлік қызметпен айналысу лицензиясының қолданылуын тоқтата тұрады және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шараларды қабылдайды.

15. РЖС пайдалану үшін ақының республикалық бюджетке толық және уақтылы енгізілуіне бақылауды салық органдары жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 15 маусымдағы
N 825 қаулысымен
бекітілген

Бекітілген және жылжымалы радиоқызметтерге арналған радиожиілік ресурсын (спектрін) пайдалану үшін ақы төлеу ставкалары

| Рет N | Радиобайланыс түрі | Әкімшілік-аумақтық бірлік | Жылдық ақы ставкасы (Айлық есептік көрсеткіш) |
|---|---|---|---|
| 1. | Пейджинг - дербес радиошақыру радиожүйелері (таратқыштың шығу қуаты 50 Вт-қа дейін болғанда ені 25 кГц жиілікті иеленгені үшін)* | 200 мың адамнан астам тұрғыны бар елді мекен (оның ішінде облыстық маңызы бар қалалар) | 139 |
| | | 50 мыңнан 200 мың адамға дейін тұрғыны бар елді мекен | 90 |
| | | 50 мыңға дейін тұрғыны бар аудандық маңызы бар қала | 48 |
| | | Қалған әкімшілік-аумақтық бірліктер (кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ) | 5 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2. | Транкингтік байланыс (таратқыштың шығу қуаты 50 Вт-қа дейін болғанда ені қабылдау үшін 25 кГц/беру үшін 25 кГц дуплексті арна үшін)* | 200 мың адамнан астам тұрғыны бар елді мекен (оның ішінде облыстық маңызы бар қалалар) | 94 |
| | | 50 мыңнан 200 мың адамға дейін тұрғыны бар елді мекен | 61 |
| | | 50 мыңға дейін тұрғыны бар аудандық маңызы бар қала | 33 |
| | | Қалған әкімшілік-аумақтық бірліктер (кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ) | 4 |
| 3. | УҚТ-өрісті радиобайланыс (таратқыштың шығу қуаты 50 Вт-қа дейін болғанда ені қабылдау үшін 25 кГц/беру үшін 25 кГц дуплексті арна үшін)* | 200 мың адамнан астам тұрғыны бар елді мекен (оның ішінде облыстық маңызы бар қалалар) | 47 |
| | | 50 мыңнан 200 мың адамға дейін тұрғыны бар елді мекен | 31 |
| | | 50 мыңға дейін тұрғыны бар аудандық маңызы бар қала | 14 |
| | | Қалған әкімшілік-аумақтық бірліктер (кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ) | 3 |
| 4. | ОТ-өрісті радиостанциялар (27 МГц) (бір станцияға арналған барлық пайдаланылатын жиіліктер үшін) | Қазақстан Республикасы | 1 |
| 5. | ҚТ - байланыс (таратқыштың шығу қуаты 50 Вт-қа дейін болғанда бір жиілікті иелену үшін)* | Облыс | 10 |
| 6. | Радиоұзартқыштар (таратқыштың шығу қуаты 25 кВт-қа дейін болғанда ені қабылдау үшін/25 кГц беру үшін 25 кГц дуплексті арна үшін)**: | | |
| | Бір арналы | Облыс | 6 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Көп арналы | Облыс | 0,6 |
| 7. | Қуаты 2 Вт-қа дейін шағын қуатты радиостанциялар (бір абоненттік станцияға арналған барлық пайдаланылатын жиіліктер үшін) | Облыс | 0,5 |
| 8. | Әуесқойлық радиостанциялар (бір станцияға арналған барлық пайдаланылатын жиіліктер үшін) | Қазақстан Республикасы | 0,2 |
| 9. | Ұялы байланыс (ені қабылдау үшін 10 кГц/беру үшін 10 кГц жиілік белдеуі үшін) | Облыс | 53 |
| 10. | Ауқымды дербес жылжымалы спутниктік байланыс жүйесі (ені қабылдау үшін 100 кГц/ беру үшін 100 кГц жиіліктердің дуплексті белдеуі үшін) | Қазақстан Республикасы | 18 |
| 11. | HUB - технологиялы спутниктік байланыс (NUB-қа пайдаланылатын ені қабылдау үшін 100 кГц/беру үшін 100 кГц белдеу үшін) | Қазақстан Республикасы | 30 |
| | HUB-технологиясынсыз (бір станция пайдаланатын жиіліктер үшін) | Қазақстан Республикасы | 100 |
| 12. | Радиорелелі желілер (бір аралықтағы дуплексті арна үшін): | | |
| | жергілікті | (Аудан, қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ) | 40 |
| | аймақтық | Қазақстан Республикасы | 10 |

| | | |
|---|---|---|
| магистральды | Қазақстан Республикасы | 7 |
| 13. WLL (ені қабылдау үшін 25 кГц/беру үшін 25 кГц/ дуплексті арна үшін) | 200 мың адамнан астам тұрғыны бар елді мекен (оның ішінде облыстық маңызы бар қалалар) | 30 |
| | 50 мыңнан 200 мың адамға дейін тұрғыны бар елді мекен | 15 |
| | 50 мыңға дейін тұрғыны бар аудандық маңызы бар қала | 3 |
| | Қалған әкімшілік-аумақтық бірліктер (кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ) | 1 |
| 14. БЕС-технологиясы қолданылған жағдайда WLL (ені қабылдау үшін 2 МГц/беру үшін 2 МГц дуплексті арна үшін) | 200 мың адамнан астам тұрғыны бар елді мекен (оның ішінде облыстық маңызы бар қалалар) | 190 |
| | 50 мыңнан 200 мың адамға дейін тұрғыны бар елді мекен | 90 |
| | 50 мыңға дейін тұрғыны бар аудандық маңызы бар қала | 10 |
| | Қалған әкімшілік-аумақтық бірліктер (кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ) | 2 |
| 15. Эфирлік-кабельдік теледидар (8 МГц жиілік белдеуі үшін) | 200 мың адамнан астам тұрғыны бар елді мекен (оның ішінде облыстық маңызы бар қалалар) | 300 |
| | 50 мыңнан 200 мың адамға дейін тұрғыны бар елді мекен | 134 |
| | 50 мыңға дейін тұрғыны бар аудандық маңызы бар қала | 45 |
| | Қалған әкімшілік-аумақтық бірліктер (кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ) | 3 |
| 16. Бекітілген байланыс*** (радиомодем, жағалаулық байланыс, телеметрия және т.б.) жоғарыда көрсетілгендерден басқа (таратқыштың шығу қуаты | Облыс | 10 |

50 Вт-қа дейін болғанда
ені қабылдау үшін 25 кГц/
беру үшін 25 кГц дуплексті
арна үшін)

17. Жылжымалы байланыс****, жоғарыда көрсетілгендерден басқа (таратқыштың шығу қуаты 50 Вт-қа дейін болғанда ені қабылдау үшін 25 кГц/ беру үшін 25 кГц дуплексті арна үшін) — Облыс — 20

-----------------------------------------------------------------------

* 1) таратқыштың шығу қуаты 50 Вт-тан астам болғанда 2 коэффициент қолданылады;

2) сол аумақта бекітілген, сол жиіліктерде репитерді пайдалану кезінде 0,5 коэффициент қолданылады.

** 1) таратқыштың шығу қуаты 25 Вт-тан астам болғанда 2 коэффициент қолданылады.

*** бекітілген қызмет - белгілі бір бекітілген пункттер арасындағы радиобайланыс қызметі.

**** жылжымалы байланыс - жылжымалы және базалық (стационарлық) станциялардың арасындағы немесе жылжымалы станциялардың арасындағы радиобайланыс қызметі.

БЕС-технологиясын қолданған жағдайда ақы ені қабылдау үшін 2 МГц/беру үшін 2 МГц/белдеу үшін алынады.

-----------------------------------------------------------------------

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 15 маусымдағы
N 825 қаулысымен
бекітілген

Телерадио хабарларын тарату қызметтеріне арналған радиожиілік ресурсын (спектрін) пайдалану үшін ақы төлеу ставкалары

-----------------------------------------------------------------------

| Рет N | Қолдану/жиілік өрісі | Тұрғындар, мың адам | Беретін құралдың қуаты, Вт | Бір арна үшін жылдық ақы |
|---|---|---|---|---|

! ! ! !------------
! ! ! !Айлық есептік
! ! ! ! көрсеткіш

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Теледидар (метрлік) | 10-ға дейін қоса алғанда | 100-ге дейін қоса алғанда | 20 |
| | | 10-нан 50-ге дейін қоса алғанда | 500-ге дейін қоса алғанда | 41 |
| | | | 500-ден жоғары | 83 |
| | | 50-ден 100-ге дейін қоса алғанда | 1000-ға дейін қоса алғанда | 124 |
| | | | 1000-нан жоғары | 249 |
| | | 100-ден 200-ге дейін қоса алғанда | 1000-ға дейін қоса алғанда | 290 |
| | | | 1000-нан жоғары | 435 |
| | | 200-ден 500-ге дейін қоса алғанда | 2000-ға дейін қоса алғанда | 828 |
| | | | 2000-нан жоғары | 1243 |
| | | 500-ден жоғары* | 5000-ға дейін қоса алғанда | 2367 |
| | | | 5000-нан жоғары | 3550 |
| 2 | Теледидар (дециметрлік) | 10-ға дейін қоса алғанда | 100-ге дейін қоса алғанда | 13 |
| | | 10-нан 50-ге дейін қоса алғанда | 500-ге дейін қоса алғанда | 26 |
| | | | 500-ден жоғары | 52 |
| | | 50-ден 100-ге дейін қоса алғанда | 1000-ға дейін қоса алғанда | 78 |
| | | | 1000-нан жоғары | 155 |
| | | 100-ден 200-ге дейін | 1000-ға дейін қоса | 181 |

қоса алғанда алғанда
1000-нан жоғары 272

200-ден 500-ге дейін 2000-ға дейін қоса 518
қоса алғанда алғанда
2000-нан жоғары 777

500-ден жоғары* 5000-ға дейін қоса 1479
алғанда
5000-нан жоғары 2219

--------------------------------------------------------------------------

3 Радиохабарлар 10-ға дейін қоса алғанда 100-ге дейін қоса 5
тарату/УҚТ алғанда
ЧМ (РМ)
10-нан 50-ге дейін қоса 500-ге дейін қоса 9
алғанда алғанда
500-ден жоғары 18

50-ден 100-ге дейін 1000-ға дейін қоса 27
қоса алғанда алғанда
1000-нан жоғары 53

100-ден 200-ге дейін 1000-ға дейін қоса 62
қоса алғанда алғанда
1000-нан жоғары 93

200-ден 500-ге дейін 2000-ға дейін қоса 178
қоса алғанда алғанда
2000-нан жоғары 266

500-ден жоғары* 5000-ға дейін қоса 488
алғанда
5000-нан жоғары 732

--------------------------------------------------------------------------

4 Радиохабарлар - 100-ге дейін қоса 5
тарату/ҚТ. ОТ алғанда

ҰТ - 100-ден 1000-ға 15
дейін қоса алғанда

| | | |
|---|---|---|
| - | 1000-нан 10 000-ға дейін қоса алғанда | 30 |
| - | 10 000-нан 100 000-ға дейін қоса алғанда | 45 |
| - | 100 000-нан бастап | 89 |

---------------------------------------------------------------------

* Астана қаласын қоса алғанда

---------------------------------------------------------------------

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК